



КЕЗЕКТЕ –  
40 МЫҢ БҮЛДІРШІН

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ТҮТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ  
ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ШӘМШІ РУХЫ  
ШАРЫҚТАДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Ұлы істер шағын әрекеттерден басталады». Сол сияқты кішігірім қадамдар ауқымды өзгерістерге жол ашады. Әр адамның ой-санасы және мінез-құлқы жақсарса, тұтас қоғам жақсарады. Мақсат-мұраты биік болса, елдің рухы да биік болады. «Адал азамат» болу аса маңызды. Бір сөзбен айтсақ, келеңсіз үрдістерден жай ғана жирену жеткіліксіз. Оны жоюға да белсене атсалысу керек.

№99  
(4687)

Сейсенбі  
20 тамыз  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ГРАНТ АЛМАҒАНДАР НЕ ІСТЕЙДІ?

Биыл мемлекеттік білім гранты байқауында грант иеленбеген талапкерлер қосымша мүмкіндіктер туралы ақпарат алу үшін call-орталыққа хабарласып, ақпарат ала алады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлама таратты.

Call-орталықтың байланыс нөмірлері: 8 (7172) 69-50-69; 69-52-92; 69-50-71.

«2024-2025 оқу жылына арналған білім грантын иеленбеген талапкердің грант иегері атануы үшін қосымша мүмкіндіктер жөнінде ақпарат ұсыну мақсатында арнайы call-орталық жұмыс істейді. Call-орталық арқылы сіз қосымша гранттар, оқу ақысын жеңілдету және басқа да мүмкіндіктер туралы ақпарат ала аласыз» делінген хабарламада.

Call-орталық дүйсенбі-жұма күндері сағат 09:00-18:00 аралығында жұмыс істейді.



## ОНЛАЙН ӨТІНІШ БЕР!

Бұдан былай әскерде келісімшартпен қызмет етуге онлайн өтініш бере аласыз. Қорғаныс министрлігі қолданысқа енгізген қанатқақты жоба 27 тамызда жұмысын бастайды.

«Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау сервисі» (jauynger.gov.kz) ақпараттық жүйесі арқылы азаматтарды қатардағы жауынгер және сержант құрамы лауазымына келісімшарт бойынша әскери қызметке іріктеу және қабылдау алгоритмі бекітілсін» делінген бұйрықта.

Сәуір айында құзырлы министрлік әскери билет цифрлық форматқа ауысқанын хабарлады. Ал биыл әскерге шақырылғандар саны 40 мыңға артты.



# ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ – ЕЛОРДАҒА

Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша бас қалаға тартылған инвестиция көлемі 632 миллиард теңгеден асты. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың осыған сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,2 пайызға артық. Жақында Мемлекет басшысына есеп берген Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек осындай көңіл тоғайтарлық мәлімет келтірді. Негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша да оң динамика байқалып отыр.

## ҚҰСТАРҒА ҰЯ САЛАМЫЗ

Елордадағы Ботаникалық бақта «Астана – үлкен ортақ үй» тақырыбында құстарға ұя салу іс-шарасы өтеді.

Оған қазақстандық белгілі хоккейші, «Барыс» командасының шабуылшысы Роман Старченко арнайы шақырылады. Бастама қала тұрғындарын игі іске біріктіріп, елорданы құстар үшін жайлы мекен етуді мақсат етеді.

«Қаламызды мекен ететін құстар үшін ұя салу іс-шарасына қатыса отырып, сіз елорданың экологиясын жақсартуға өз үлесіңізді қосып қана қоймай, шығар-

машылық қабілетіңізді шыңдауға да мүмкіндік аласыз» делінген ұйымдастырушылардың хабарламасында.

Іс-шара 21 тамыз күні Ботаникалық бақта сағат 15:00-де басталады. Оның барысында хоккей жұлдызымен қолтаңба-сессия ұйымдастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін +7-700-543-85-85 телефон нөміріне хабарласуға болады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 523.69 \$ USD/KZT 479.44 ₸ RUB/KZT 5.22 ¥ CNY/KZT 66.91

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№99 (4687) 20/08/2024 Сейсенбі



## ПРЕЗИДЕНТ ТӘЖІКСТАНҒА БАРАДЫ

22-23 тамыз күндері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Республикасына мемлекеттік сапармен барады. Бұл туралы Ақорданың Telegram-дағы ресми парақшасында жазылды.

Сапар аясында шағын құрамда және екі ел үкіметтері делегацияларының қатысуымен жоғары деңгейде келіссөздер өтеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

пен Президент Эмомали Рахмон Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылайды. Сондай-ақ екі ел

дің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейтін бірқатар құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты аппаратының делегациясы Әзербайжан Милли Меджлисіндегі әріптестерімен кездесті. Екі ел Парламенті Палаталары аппараттарының басшылары Максим Споткай мен Фарид Гаджиев кездесу барысында алдағы уақытта өзара қарым-қатынасты одан әрі арттыру және ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне кеңінен тоқталды.



Өз сөзінде Максим Споткай жоғары деңгейдегі тұрақты өзара сапарлардың маңызына назар аударып, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынасты нығайтуда Мемлекет басшыларының рөлі зор екенін атап өтті. Сұхбат кезінде екіжақты байланыстың дамуында парламентаралық ынтымақтастықтың да маңызды орын алатынын айтты.

Фарид Гаджиев екі мемлекеттің қарым-қатынасы ортақ тарихи

және мәдени құндылықтарға, сондай-ақ, достық пен бауырластыққа табан тіреуін тілге тиек етті. Сонымен қатар Қазақстан Парламентінің делегациясы Милли Меджлис мен оның аппаратының құрылымымен, қазіргі комитеттер мен комиссиялардың жұмысымен, Әзербайжанның сайлау жүйесімен және заң шығару үдерісімен танысты. Сондай-ақ Парламенттен орын алған партиялардың қызметі және өкілдік органның сыртқы байланысы да

назардан тыс қалған жоқ. Диалог кезінде Қазақстан Сенаты мен оның аппаратының жұмысы әңгімеге арқау болды.

Қазақстандық делегация Әзербайжан Парламентінің әкімшілік ғимаратына да барып, депутаттардың жұмыс жағдайымен, пленарлық отырыс өтетін залмен және «Жеңіс бұрышымен» танысты. Бұдан басқа, олар Гейдар Әлиевтің зиратын зиярат етіп, Шехидтер аллеясына барды.

## ЕГІН ЖИНАУ – МАҢЫЗДЫ НАУҚАН

Үкімет басшысы Олжас Бектенов егін жинау науқанына дайындық мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жиында Ауыл шаруашылығы министрі, Экология және табиғи ресурстар, Энергетика вице-министрлері, сондай-ақ Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының әкімдері тыңдалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет биылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмысын жүргізуге 580 млрд теңге көлемінде рекордтық қаражат бөлді. Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке сатып алуға бағытталған сома 5 есеге ұлғайды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда жаппай егін жинау жұмысы

тамыздың үшінші онкүндігінде басталады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы техникасының дайындығы 98 пайызды құрайды. Барлығы 149 мыңнан астам трактор, 38 мың астық жинайтын комбайн және 14 мың дестелегіш тартылады.

Шаруаларға күзгі дала жұмысын жүргізуге 64 мың тоннадан астам жеңілдігі бар дизель отыны

жөнелтілді. Бекітілген кестеге сәйкес, өңірлерге барлығы нарық бағасынан төмен деңгейде тіркелген баға бойынша шамамен 355 мың тонна жеткізіледі.

Олжас Бектенов мәселені тұрақты бақылауда ұстауды міндеттеді, қажеттілік туындаған жағдайда, шаруаларға астықты кептіруге дизель отынының қосымша көлемі бөлінеді.

## ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ МЕРЕЙІ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға қатысты. Ғұлама ғалым, академиктің мерейтойы туған жері – Баянауыл ауданында кең ауқымда атап өтілуде.



Мәжіліс спикері салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Қаныш Сәтбаев – қазіргі заманғы қазақ ғылымының атасы. Ол Ұлттық ғылым академиясының негізін қалады, білікті ғалымдардың тұтас буынын тәрбиелеп шығарды, жаңа зерттеу жүйесін қалыптастырды. Сондықтан Ғылым қызметкерлері күні оның туған күніне орайластырылған. Халқымыздың біртуар перзенті көптеген кен орнын ашып, өндірістің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Еліміз әлі күнге дейін оның еңбектерінің игіліктерін көріп отыр. Сәтбаев мұрасы

ұлтымыздың теңдессіз қазынасы саналады. Оның еңбегін жан-жақты дәріптеу – ортақ парыз. Болашақта Сәтбаев салған сара жол жалғасып, қазақ ғылымы қарқынды дами береді деп сенемін» делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов биыл қасиетті Ертис-Баян өңірі мерекеге толы екенін атап өтті.

«Қаныш Сәтбаевтан бөлек, қазақтың көрнекті жазушысы, Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толып отыр. Сондай-ақ қазақ археологиясының ата-сы, көрнекті қайраткер Әл-

кей Марғұланнның туғанына 120 жыл. Қазақ киносының саңлағы Шәкен Аймановтың 110 жылдығы. Ал Сәтбаев тойы – елдіктің тойы, бірліктің тойы. Ілім мен ғылымның мерекесі» деді Мәжіліс төрағасы.

Мерейтой аясында Баянауыл ауданы Мойылды шатқалында Қ.И.Сәтбаев этноауылы бой көтеріп, республикалық ақындар айтысы, ұлттық спорт түрлері – көкпар, бөйге мен қазақ күресімен жарыс өтті. Өңірде «Академик Қ.И.Сәтбаев феномені: кеше мен бүгін» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып, естелік кітаптың тұсаукесері болды.

## КӨЛІК-ЛОГИСТИКА НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Жетісу облысына жұмыс сапары барысында өңір экономикасының 7 пайызын құрайтын көлік-логистика саласының дамуымен танысты. Бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша облыста автокөлікпен жүк тасымалдаудың жыл басындағы 55,7 пайыздан 6 айда 101,1 пайызға дейін өсу үрдісі байқалады.

Nur Zholy Customs Service халықаралық көлік-логистика орталығының аумағында Үкімет басшысы Cross-Docking технологиясын қолдану арқылы көлік құралдарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесімен танысты. Орталықтың жұмысы транзитті жеңілдету әрі жеделдету үшін жаңа технологияларды енгізу арқылы жүк айналымын арттыруға бағытталған. Бұл нысан экономиканы монополиядан арылту аясында мемлекетке қайтарылды. Биылғы қантар айында орталық аумағында Dostyk Customs Service уақытша сақтау қоймасы ашылды, ол «Алакөл» автокөлік өткізу бекетінде жүктерді тиімді әрі жылдам кедендік өңдеуге және өткізу қабілетін арттыруға ықпал етеді. Бүгінгі таңда орталықтың өткізу қабілеті тәулігіне 150-200 автокөлікті, қойманың орташа тәуліктік жүк айналымы 200-250 тоннаны құрайды. Жүк айналымының әлеуеті – жылына 1,2 млн тонна тауар.

Сондай-ақ Достық кентінде түрлі табанды темір жолдармен жабдықталған Dostyk TransTerminal көпфункционалды жүктерді ауыстырып тиеу терминалы тексерілді. Үкімет басшысына 2021 жылдың 7 айында 66,2 мың ЖФБ контейнері (жиырма футтық баламасы) тиелсе, биыл осы кезеңде 101

мың контейнер қайта тиеліп, 35 пайызға өскені баяндалды. Жалпы биылғы болжам 180 мың ЖФБ контейнерін құрайды. Dostyk TransTerminal көпфункционалды жүктерді ауыстырып тиеу терминалының қосымша алаңын және 50 жұмыс орнын құра отырып, 3,2 млрд теңгеге қуаты жылына 160 мың ЖФБ контейнерін құрайтын мамандандырылған техника салу жобасын іске асыру жоспарланған.

Сондай-ақ Премьер-министр «Алакөл» кеден бекетінің қызметімен, жүк көлік құралдарын тасымалдаудың қолданыстағы схемасымен және өткізу бекетін жаңғырту барысымен танысты. Жаңғырту шеңберінде жеке тұлғаларды, жүкті, тауарлар мен көлік құралдарын бақылау, сондай-ақ байланыс, деректер беру және алмасу технологиялары енгізіледі. Жалпы өткізу қабілеті тәулігіне 200-250 жүк көлігінен 1000-ға дейін ұлғаяды. Нысан биыл қыркүйек айының соңында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Үкімет басшысы көлік-логистика әлеуетін одан әрі дамытуды және өсіп келе жатқан жүк ағынын қанағаттандыру үшін инфрақұрылым қуатын арттыруды бақылауда ұстауды тапсырды. Өткен жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты тауар айналымы 30

пайызға артып, \$31,5 млрд-қа жетті. Кедендік рәсімдерді жеңілдету Қазақстанның өңірдегі негізгі транзиттік көлік дәлізі ретіндегі позициясын одан әрі нығайтуға серпін береді. Тиімділігі дәлелденген Cross-Docking сияқты заманауи цифрлық шешімдерді басқа өңірлерде де іске қосу керек екені аталып өтті.

«Мемлекет басшысы атап өткендей, орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін бәсекелестік артықшылықтарымызды пайдалану маңызды. Бізде Қазақстанды Еуразияның негізгі транзиттік хабтарының біріне айналдыруға барлық жағдай жасалған. Біз Қазақстанның теңізге шыға алмайтынын жиі айтамыз, алайда Қытай біз үшін мұхит іспеттес. Осы бағытта күш-жігерімізді біріктіріп, тұтас транзиттік қозғалысты қамтамасыз етуіміз керек. Біз транзиттік дәлізді өте белсенді дамытып жатырмыз: Әзербайжан, Грузиядағы әріптестерімізбен келісімдер бар. Әрі қарай да жұмыс істейміз. «Достық-Мойынты» темір жол қатынасын кеңейту дамуға жаңа серпін береді. Біз бизнестің кеңейтуге дайын екенін көріп отырмыз, әлі де қаражат салуға ниет етушілер бар. Мұның бәрі транзиттік жүк көлемін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді» деп атап өтті Олжас Бектенов.

## ЖАСТАРМЕН ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС



Астана қаласында 14-35 жас аралығындағы жастар саны 455 мың адамды құрайды. Олардың арасында 15 жоғары оқу орнында 79 мың, 32 колледжде 36 мың студент білім алады. Бұл туралы коммуникациялар қызметінің алаңында Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев мәлім етті.

Ведомство басшысының айтуынша, жастар саясаты – көпсалалы бағыт. Мысалы, тұрғын үй мәселесі бойынша биыл «Елорда жастары» тұрғын үй бағдарламасына өтінімдер қабылдау 1-6 ақпан аралығында өтті. Жалпы 200-ге жуық несие берілді. Ал «Жұмысшы жастарға арналған сатып алу құқығынсыз берілетін пәтер» бағдарламасы жылдың соңына жоспарланған.

Жұмыспен қамту бағыты бойынша қалалық Еңбек мобильділігі орталығымен бірнеше бағдарлама жүзеге асырылуда. І жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жұмыспен қамту шараларымен 9 мың жас қамтылды. «Жасыл ел» жобасы аясында 2 айда 3700 адам жұмысқа орналасты. Жаздың соңына дейін 4200 адамды қамту көзделген. Сол сияқты жастар «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында «Таза дүйсенбі», «Сәтті сәрсенбі», «Жасыл Астана» сияқты іс-шараларға қатысуда. «Таза Қазақстан» акциясының мақсаты – тек сенбіліктерге қатысу ғана емес, сонымен қатар жастарды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру. Мысалы, жақында насыбайды өртеу бойынша көлемді акция өткізілді, тұрақты негізде «Тәуелділікті спортқа айырбаста» акциясы, есірткі

бояуларын өшіру бойынша рейдтер өтеді» дейді басқарма басшысы.

Бұдан бөлек, оқу оқымайтын, жұмыс істемейтін НЕЕТ санатындағы жастармен де жұмыс жүргізілуде. Қазіргі таңда НЕЕТ санатындағы жастар үлесі – 6,4% немесе 27866 адам.

Сонымен қатар Joltar жобасы табысты жүзеге асып келеді. Бұл бастама – жастардың табысын арттырып, тұрақты табысқа ие болғысы келетін Астана тұрғындарына арналған мүмкіндіктер бағдарламасы.

«Қала тұрғындары 8 модульдік пункттерге жолығу арқылы қысқамерзімді оқытуларға жазыла алады. Осылайша, барлығы 4,3 мың азамат өтініш білдіріп, мемлекеттік қолдау шаралары, жұмысқа орналасу мүмкіндігі бойынша кеңес алды, жұмысшы мамандықтары мен цифрлық дағдыларды игеру үшін қысқамерзімді оқытуға жазылды. Қатысушылар 8 жұмыс мамандығы (тігінші, модельер-конструктор, бариста, сатушы-кассир, электржазбен дәнекерлеуші, бухгалтерлік есеп негіздері, аяқ киім жөндеу және кілттер дайындау, жиһаз дайындау негіздері) және 7 цифрлық мамандық (SMM, таргет, мобил-

лография, графика дизайны, видео-монтаж, веб-дизайн, негізгі цифрлық дағдылар) бойынша оқытылады» деді Самат Ибраев.

Ойынқұмарлықпен күрес жолында жыл басынан ойынға тәуелділік пен лудоманияның алдын алу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. 500 ақпараттық парақша, брошюра мен буклет таратылды, сондай-ақ орта арнаулы оқу орындарының студенттерімен психиатр-дәрігерлер, жоғары санатты наркологтардың қатысуымен 6 профилактикалық кездесу өткізілді.

Жастар саясаты басқармасына қарасты «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының басты бағытының бірі – волонтерлік қызмет. 2020 жылдан бері қалалық волонтерлер штабы жұмыс істейді. Штабтың қызметіне 30-дан астам волонтерлік ұйым, 20 бастамашыл топ, мемлекеттік жастар саясаты саласында қызмет етіп жүрген 8 үкіметтік емес ұйым, республикамыздың 20 медициналық тұлғасы шақырылды. Жас волонтерді қызметке қабылдамас бұрын ол «Еріктілер мектебінен» өтеді. Бұл волонтерлерді әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды өткізуге дайындайды. Бағдарламада ел тарихын білу, алғашқы медициналық көмек көрсету, әртүрлі елдердің мәдениетін зерттеу, жанжалдарды шешу модульдері енгізілген. Жалпы волонтерлер түрлі экологиялық, әлеуметтік, медициналық, event, төтенше жағдай салаларындағы акцияларға қатысып, белсенділігін көрсетуде. Мысалы, 4 шілдеде өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымдарының саммитіне 200 волонтер тартылды. Олар қонақтарды күтіп алу, алып жүру, қытай, ағылшын тілдерінен аудару қызметтерін атқарды.

«Астана жастары» орталығынан басқа, қалада көптеген профильді волонтерлік ұйым бар. Мысалы, Lider.kz – жоғалып кеткен адамдарды іздеу тобы; «Стоп-отлов», «Теремок» – жануарларды қорғау, оларды асырау бойынша баспана; «Күміс волонтерлер» – зейнеткер-волонтерлер тобы; «Қазмед жастары» – медицина саласындағы волонтерлер бар. Волонтерлік – бұл ерікті жұмыс. Жастар өздерінің уақытын тиімді өткізу, жаңа достар табу, қоғамдық өмірге араласу сияқты мақсатты көздейді.



## ЖАҢА САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Астананың Алматы ауданында бұған дейін тұрғын үй кешенінің құрылысы жоспарланған бос жерде жаңа саябақ пайда болды.

Аумақта заманауи шағын сәулет құрылыстары мен жарықтандыру тіректері орнатылып, тас төсеу, жолды асфальттау жүргізілді. Сонымен қатар кішкентай астаналықтар үшін балалар алаңы ашылды. Саябақта көгалдандыру жүргізіліп, ағаштар отырғызылды.

«Биік тұрғын үй кешенінің орнына балалар алаңы бар әдемі алаң пайда болды, онда таңғы сағат 10-нан бастап балалар өз уақытын белсенді өткізеді. Бұл – ұзақ еңбектің нәтижесі, ең бастысы, мұндай орындар көбейіп келеді. Өткен жылы қоғамдық тыңдаулар болды. Тұрғындардың белсенді қатысуымен алаң және басқа да әлеуметтік нысандар пайда болды» деді мәслихат депутаты Владислав Сергеев.

Іс-шара аясында Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы, мәслихат депутаты Владислав Сергеев жергілікті тұрғындармен бірлесіп ағаш отырғызды. Балалардың көңілін көтеру үшін аниматорлар шақырылды.

«Бұл жерді ұзақ күттік, біз үшін әділдік орнады. Біз бұл жер тентестіріледі деп үміттенген едік, бірақ әкімдік пен белсенді тұрғындарымыздың арқасында мұнда сквер пайда болды. Балаларымыз осының куәсі болды. Менің ойымша, енді олар осы алаңға өз бетінше қарап, қадағалайды, бұл – жас ұрпақты тәрбиелеудің жарқын үлгісі» деп бөлісті жергілікті тұрғын Ернұр Сәбікентұлы.

Енді бұл жоба ауданның ересектері мен кішкентай тұрғындарының бос уақытын жақсы өткізуге мүмкіндік береді.

## ШЕКАРАШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МУРАЛ

Бас қаланың Сарыарқа ауданында Шекарашылар күніне орай Сәкен Сейфуллин көшесінде салтанатты түрде мурал ашылды.

Биіктігі 18 метрлік муралда шекара қызметінің белгілері көрініс тапқан. Оның композициясында ел шетіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуші шекарашылардың маңызын білдіретін әуе және теңіз кемелері үйлесімді бейнеленген.

Іс-шараның ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің ардагерлері мен бастылығы, сондай-ақ Сарыарқа ауданы әкімдігінің өкілдері қатысты. «Қазіргі шекарашылар заманауи қару-жарақпен, технологиямен қаруланған, бірақ олардың бойындағы ең басты қасиет – патриотизм мен батылдық. Біз бұл қиын мамандықты таңдап, осы жолда Отанымызға, оның мемлекеттік шекараларын қорғауда абыроймен қызмет етуіміз керек. Мереке құтты болсын, шекарашылар мен шекара қызметінің ардагерлері!» деді «Астана» шекаралық бақылау басқармасының бастығы, полковник Мақсат Ахметқалиев.

науи қару-жарақпен, технологиямен қаруланған, бірақ олардың бойындағы ең басты қасиет – патриотизм мен батылдық. Біз бұл қиын мамандықты таңдап, осы жолда Отанымызға, оның мемлекеттік шекараларын қорғауда абыроймен қызмет етуіміз керек. Мереке құтты болсын, шекарашылар мен шекара қызметінің ардагерлері!» деді «Астана» шекаралық бақылау басқармасының бастығы, полковник Мақсат Ахметқалиев.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АТСАЛЫСТЫ



Елордалық Жетісу саябағында «Дармарка» экоакциясы өтті. Оның аясында қала тұрғындары қажетсіз заттарға «екінші өмір» сыйлады.

Іс-шараны елорданың Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы экобелсенділері мен BI Group компаниясы бірлесіп ұйымдастырды.

«Дармарка – бұл жақсы және таза киімдерді, кітаптар мен балалар ойыншықтарын қабылдаудан тұратын тегін сыйлық жәрмеңкесі. Іс-шара көптеген затқа экологиялық таза өмір сыйлауға мүмкіндік береді. Қала аумағында жиналған заттар жөнелтілетін қайта өңдеу өндірісі бар. Қарапайым әрекеттермен біз қоршаған ортаның жағдайын жақсартамыз. Біздің басқарма табиғи ресурстарды тұрақты дамыту және сақтау үшін белсенді жұмыстарды жүргізеді» деді Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары Жанар Бескемпірова.

Жетісу саябағында киім жинауға арналған аймақ және картон, пластик, қағаз, шыны, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, алюминий банкалар және т. б. қоқыс жинауға арналған арнайы жәшіктер орнатылды. Сонымен қатар келушілер үшін экологиялық тренингтер, шопперлерді бояу және би бойынша шеберлік сабақтары дайындалды. Жануарларға арналған баспана, эко-дукендер, кітап алмасу сияқты тақырыптық аймақтар құрылды.

«Өміріміздің сапасы қоршаған ортаның жағдайына байланысты. Бәріміз күнделікті қалдықтарды шығарамыз. Біздің іс-шара тұрғындарды қоқыспен дұрыс жұмыс істеуге үйрету үшін ұйымдастырылған. Өкінішке қарай, көптеген адам үйде қауіпті қалдықтар, батареялар, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, шамдар сақталуы мүмкін екенін білмейді. Осының бәрін біз «Дармаркада» жинаймыз, ересектер мен балаларға арналған шеберлік сабақтарын өткіземіз. Кішкентай қонақтарға аниматорлар шақырылып, қалдықтарды бөлек жинау бойынша тренингтер дайындалды» деп атап өтті Экология және табиғи ресурстар министрлігінің экобелсендісі және елшісі Мәриям Қасымова.

«Дармарка» экоакциясы «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология науқаны аясында ай сайын өтіп тұрады. Ауқымды экоакция шеңберінде қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріздерін тазалау, көшелерді, тротуарларды, орамшылқ аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды жинау жұмыстары жүргізілуде.

ту үшін ұйымдастырылған. Өкінішке қарай, көптеген адам үйде қауіпті қалдықтар, батареялар, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, шамдар сақталуы мүмкін екенін білмейді. Осының бәрін біз «Дармаркада» жинаймыз, ересектер мен балаларға арналған шеберлік сабақтарын өткіземіз. Кішкентай қонақтарға аниматорлар шақырылып, қалдықтарды бөлек жинау бойынша тренингтер дайындалды» деп атап өтті Экология және табиғи ресурстар министрлігінің экобелсендісі және елшісі Мәриям Қасымова.

«Дармарка» экоакциясы «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология науқаны аясында ай сайын өтіп тұрады. Ауқымды экоакция шеңберінде қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріздерін тазалау, көшелерді, тротуарларды, орамшылқ аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды жинау жұмыстары жүргізілуде.



# ЕЛОРДА ИГІЛІГІНЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің әр жылғы жолдауларында және халықаралық кездесулерде Қазақстанның басты міндеті – әртараптандырылған және орнықты экономиканың негізін қалау екенін айтып келеді. Президенттің тапсырмасына сәйкес еліміздің жаңа экономикалық бағыты айқындалып, қазіргі таңда қуатты әрі қарқынды дамыған ел құру мақсатында құрылымдық реформаларды жүзеге асыру қарқынды жүруде. Тіпті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қатар инвестициялық дөңгелек үстелінде: «Қазақстан Орталық Азияда тікелей шетелдік инвестиция келетін негізгі ел болып қалуы үшін ең жоғары әлемдік стандарттарға сай жаңа инвестициялық циклды іске қостық» деген болатын. Сондай-ақ біздің ендігі мақсатымыз – Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің көрсеткішін 2029 жылға қарай 450 миллиард долларға жеткізу екенін де атап өткен болатын.

## Шапағат ӘБДІР

Ал Мемлекет басшысына елорданың биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде мәлімет берген қала әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің алты айлық есебінде қаладағы барлық негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика барын, инвестиция көлемі 632 миллиард теңгеден асып, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,2 пайызға артқанын мәлім еткен болатын. Сондай-ақ әкім өңдеу өнеркәсібі, медицина, білім, көлік және логистика салаларындағы жобалар белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанын да тілге тиек етті.

Шындығында «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дегендей, қазақ елі өз тәуелсіздігін алғалы ел экономикасын көтеру бағытында қарқынды жұмыс істеп келеді. Биыл жаңа астанамыздың бой көтергеніне 26 жыл толды. Осы жылдар аралығында астанамыз аңыздағы Алпамыстай апта санап, ай санап өсіп келеді. Аз ғана жылдың ішінде ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жеткен бас қалада қазіргі таңда әртүрлі салаларда ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Ал осы жобалардың жүзеге асуына тікелей үлесін қосып келе жатқан Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы.

Басқарманың қызметі кәсіпкерлік, инвестициялар тарту, өнеркәсіпті дамыту, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, сондай-ақ туризм сияқты салаларды қамтиды. Осыған орай өткен аптада басқарма басшысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығының нәтижесінен есеп берген болатын.

Есеп барысында Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов әр сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға жеке-жеке тоқталды.

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Өңгіменің әлқиссасын шағын және орта бизнестің көрсеткішінен бастаған Халел Рахымұлы биыл елордада жұмыс істеп жатқан шағын және орта бизнес субъектілерінің саны былтырғымен салыстырғанда анағұрлым артқанын айтты.

– Қазіргі таңда Астанада 234 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектілері

белсенді жұмыс істеуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 пайызға көп. Оларда 500 мыңнан астам адам жұмыс істейді, бұл елорданың экономикалық белсенді халқының 74 пайызын құрайды. 2024 жылдың бірінші тоқсанында кәсіпкерлер 3,3 триллион теңгеден астам сомада тауарлар, жұмыстар мен қызметтер шығарды (2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 26%-ды құрады). Осылайша, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны күн сайын артып келеді, біз оларға жан-жақты қолдау көрсетудеміз.

Сондай-ақ Астанада кәсіпкерлікті қолдаудың барлық негізгі шаралары инфрақұрылымдық қолдау, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кредиттерге ішінара кепілдік беру түріндегі шаралар көрсетілген 2023-2027 жылдарға арналған аймақтық даму бағдарламасы бекітілді. Осы бағдарлама аясында жылдық мөлшерлемесі 7 пайыздан аспайтын «Астана бизнес» жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы жұмыс істейді. Айталық, 2024 жылы осы бағдарламаға 2,5 милли-

ард теңге қарастырылған, – деді Халел Әкімжанов.

## ӨНЕРКӘСІП ӨРКЕНДЕУДЕ

Сонымен қатар қазіргі таңда мемлекет тарапынан Өнеркәсіпті дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында елордадағы өнеркәсіп өндірісі 13 пайызға өсіп, 1,1 триллион теңгеге жеткен. Мұндағы өңдеу өнеркәсібінің өнімдерінің негізгі салаларына: металлургия (48,1%), машина жасау (25,2%), минералды өнімдер өндірісі (7,9%) жатады.

Сонымен қатар инвестициялық жобаларды кластерлеу және орналастыру туралы шешім қабылданып, қазіргі таңда 409 гектар аумақты алып жатқан жерде Индустриалды парк №2 құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл 500 миллиард теңге сомасына 150-ден астам жобаны тартуға мүмкіндік бермек. Тағы да бір ауыз толтырып айтатын жоба – елордада 220 гектардан астам аумақта ірі Логистикалық хаб құру. Бұл шешім ірі ойыншыларды бір жерде орталықтандыруға және елордада өз кәсіпорындарын локализациялау үшін халықаралық компанияларды тартпақ.

Инвестицияларды тартудың негізгі бағыттарының бірі – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту болғандықтан қазіргі таңда басқарма Аграрлық-индустриялық аймақ құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Оған 140 миллиард теңге көлемінде жеке инвестицияларды тарту жоспарланып отырғанын айтқан баяндамашы 7 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің өсуінде оң динамика



сақталуда екенін де атап өтті.

– Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 796 миллиард теңгені құрады. Жеке инвестициялардың үлесі жалпы тартылған инвестициялар көлемінің 75 пайыздан астамын құрайды. Ағымдағы жылдың соңына дейін инвестициялар көлемін 1,7 триллион теңге деңгейінде қамтамасыз ету жоспарлануда. Оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың ашылуы және тұрақты жұмыс орындарын құруға басымдық беріледі. Осы жылдың бірінші тоқсанында тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 383,6 миллион АҚШ долларын құрады. Ал 2024 жылға арналған жоспар – 1 135 миллион АҚШ доллары. Қазіргі уақытта елордада инвестициялар көлемі 6,7 трлн теңгені құрайтын 650-ден астам жоба жүзеге асырылуда. Биыл біз 4,1 мың жаңа жұмыс орнын құрамын 272 млрд теңге көлеміндегі 55 жобаны іске қосу міндетін қойдық. Мұнда бір нақтылап айтатын жайт, елордаға инвестиция салушы елдер арасында ең белсенділері БАӘ, Түркия Республикасы болып саналады, – деді спикер.

## САУДА-САТТЫҚ САПАСЫ АРТТЫ

Инвестициялардан бөлек, қаланың экономикасының дамуына сауда және қызмет көрсету саласының қосатын үлесі зор. Өйткені бұл салалар жалпы өңірлік өнімнің 80,6 пайызын құрайды. Мысалы, атап айтар болсақ, 2024 жылдың алғашқы алты айында бөлшек сауда айналымы 1,1 триллион теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 пайызға артқан. Ал көтерме сауда айналымының өсімі 2,9 триллион теңгені құраған. Қазіргі таңда Астанада 437 сауда нысаны жұмыс істеп тұр. Өйткені Астана ауыл шаруашылық аймағы болмағандықтан, мұндағы негізгі басымдық сауда инфрақұрылымын да-



мытуға және агроөнеркәсіп кешенінде өндірістер құруға бағытталған. Сондықтан болашақта тағы да 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Бұл, шамамен, 1000 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Ел экономикасының көтерілуіне аса зор ықпалын тигізетін тағы бір сала – туризм. Мәселен, қарап отырсаңыз, соңғы жылдары туристердің Астанаға деген қызығушылығы айтарлықтай артқанын көруге болады. Мысалы, 2023 жылы елордада 1,3 миллионнан астам адам келген. Оның ішінде 287 мың шетелдік турист. Ал биыл елге ағылған туристер саны 1,5 миллионға дейін жетпек. Жалпы елордада туристердің келіп-кетуіне қажетті барлық инфрақұрылым жасалған, оның ішінде 257 қонақ үй және 70-тен астам туристік нысандар бар. Туризм саласында жұмыспен қамтылған халық саны 57 мыңнан асады.

– Бас қаламызда іс-шаралық, іскерлік және медициналық туризм сияқты бағыттар белсенді дамып келеді. Республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралардың (конференциялар, концерттер, спорттық шаралар, фестивальдер (музыкалық, гастрономиялық) кең портфельі қалыптасуда, негізгі басымдық олардың тұрақтылығына, қаланың танымалдылығын арттыруға берілген. Қазіргі уақытта туризм саласында

“

Қазіргі таңда Астанада 234 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектілері белсенді жұмыс істеуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 пайызға көп. Оларда 500 мыңнан астам адам жұмыс істейді, бұл елорданың экономикалық белсенді халқының 74 пайызын құрайды

жалпы сомасы 727,5 миллиард теңгені құрайтын 10 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Алдымызда алдағы 2 жылда әлемдік брендтерден екі 5 жұлдызды қонақ үй кешенін (Wyndham және Қытай Халық Республикасының бір желісі) салу міндеті тұр. Шын мәнінде 2024 жылдың бірінші жартысы біздің басқарма үшін сәтті өтті. Біз маңызды нәтижелерге қол жеткізіп, негізгі бағыттар бойынша тұрақты өсімді қамтамасыз еттік. Болашақта да осы қарқынды сақтап қалуға ниеттіміз, – деді Халел Әкімжанов.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

**К**азіргі таңда indigo24.kz электрондық порталында кезекте 0 жастан 6 жасқа дейін 57283 бала тіркелген. Оның 2 жастан 6 жасқа дейінгілері – 41836 бала. Яғни 40 мыңнан астам бала балабақша кезегінде тұр. Ата-аналардың көбі баласын мемлекеттік балабақшаға бергісі келеді. Бірақ орын алу бәріне бірдей бұйыра бермейтін бақытқа айналғалы қашан...

«Баламды 1 жастан асқанда кезекке қойдым. Көпбалалы ана санаты бойынша 5377-кезек тиді. Шілде айында конкурс кезінде басымдық кезегіндегі орындар маған мүлдем ашылмады. Себебі түсінікті. Біріншіден, баламды кезекке кеш қойған екенмін. Қазіргі уақытта жолдама алуға қолжетімділік жабылды. Indigo24.kz сайтында мектепке дейінгі ұйымдарда топтарды қайта рәсімдеу жүргізілетінін хабарлады. Мүмкін, тағы орындар ашылып қалады-ау деген үмітім бар. Менің ойымша, жекеменшік балабақшаға қарағанда мемлекеттік балабақша тиімді. Бағасы арзан әрі жауапкершілік бар» дейді қала тұрғыны Алтынай Берікова.

Алтынай секілді ата-аналардың айтары көп. Дегенмен жекеменшік балабақшалардың көптеп ашылуы есебінен орын тапшылығы мәселесі азайып келеді.

Астана қаласы Білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл 10317 баланы жекеменшік балабақшаларға орналастыру көзделуде. Бүгінде 3 конкурстың қорытындысы бойынша 5493 бала 88 балабақшаға жолдама алды. Қалған 4824 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурс жалғасады.

«Жалпы қазіргі уақытта Астана қаласында 68706 баланы қамтитын 580 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде 100 мемлекеттік балабақшада 32933 бала тәрбиеленуде. 477 жекеменшік балабақшаға 35067 бала барып жүр. Сонымен қа-



## КЕЗЕКТЕ – 40 МЫҢНАН АСТАМ БҮЛДІРШІН

Бас қаланың балапандарына балабақша тапшы. Жыл сайын бала туу мен көші-қонның көбеюі әлеуметтік қызметтерге сұранысты арттырады. Әрине, оның ішінде балабақша тапшылығы да бар. Соған қарамастан, бұл мәселе қаншалықты шешіліп жатыр?

тар 706 баланы қамтитын 3 ведомстволық балабақша жұмыс істейді» дейді Астана қаласы Білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің бас маманы Лаура Алеуханова.

Оның айтуынша, балабақша мәселесін шешудің бір жолы – 425 жана тұрғын үй кешендерінің 1-қабаттарында қолжетімділік қағидаты бойынша қосымша топтар ашу жоспарда бар. Мәселен, 125 орынды №27 «Балауса» бөбекжай-бақшасы 1 сәуірде пайдалануға берілді. «Бағыстан» тұрғын үй кешенінде 150 орынды №78 «Асыл» бөбекжай-бақшасы, М.Төлебаев көшесіндегі 150 орынды №93 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы, сонымен қатар экономика, технология және тамақ өндірісін қолдауға

колледжінің ғимаратында 150 орынды балабақша ашу жоспарда бар. Сондай-ақ 600 балаға арналған екі мемлекеттік балалар үйінің құрылысы жүріп жатыр.

Бас қалада балабақша мәселесін шешу үшін алдағы жылдары мемлекеттік балабақшалар салынады. Қазақстан Үкіметі биыл қаңтар айында Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарын бекіткені белгілі. Ал оны жүзеге асыру үшін 2025 жылға дейін 6,3 трлн теңге инвестиция тартылақ. Міне, осы бас жоспар аясында, алдағы жылдары Астанада 178 балабақша салыну көзделуде.

«Астана және Алматы секілді мегаполис қалаларда балабақша тапшылығын қалыптастырғандықтан деп айтуға болады. Жыл сайын бірнеше мемлекеттік балабақша

салынғанмен, әлі де орындар жеткіліксіз. Дегенмен мемлекеттік дотация арқылы балабақша ақсының жартысын Үкімет төлеп беру арқылы ата-аналарға көмек көрсетілуде. Жекеменшік балабақшаның көбейгеніне қуану керек. Оларға арнайы бекітілген стандартпен талаптар қойылады. Балабақша қызметкерлерінің білігі мен ондағы санитарлық талаптар да ескеріледі. Сондықтан кезектің реті келмей жатса, балаңызды жекеменшік балабақшаға беруден қорықпаңыз» дейді әлеуметтік сарапшы Мерей Мұқанов.

Ал министрлік өкілдері болса соңғы 5 жылда балабақшаға жолдама алу кезегі жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар ашылуының нәтижесінде 2,5 есеге азаятынына сенімді.

## ТУРИЗМГЕ ТҰСАУ САЛҒАН ТҮЙТКІЛ НЕ?

Қазіргі таңда әлемдік экономикадағы туризмнің үлесі 9,2 пайызды құрап, 9,5 трлн долларға жетті. Ал Қазақстанның туризм саласы экономиканың тек 3,9 пайызын ғана алып отыр. Бүгінгі таңда Қазақстанда туризм саласының дамуына кедергі жасап отырған бірқатар түйткілді мәселе бар.

Біріншіден, бұл – туристік инфрақұрылымның әлсіздігі. Атап айтқанда, туристік аумақтар тамақтану және гигиеналық орындармен тиісті деңгейде қамтылмаған. Бұдан бөлек, логистика мәселесі бар. Мысалы, туристердің көптеп баратын жеріне айналған Алакөлге апаратын пойыздың жағдайы жан туршіктіреді. Сондай-ақ шалғай туристік мекендерде сапалы байланыстың жоқ екені де белгілі. Аталған мәселені шешу үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті қолдана отырып, автомагистральдардың әр 100 шақырымында толығымен қамтылған қонақүй ашу қажет. Бұл үрдіс бірқатар Еуропа елінде кеңінен таралған.

Екіншіден, Қазақстанда 2021 жылдан бастап туризм мен спортты қолдау бюджеттен тыс қоры жұмыс істеп келеді. Қордың мүлкі пайдалану туралы есептеріне сәйкес, қордан 2021-2022 жылдары 51 млрд теңге тек спорт саласына ғана бөлінген. Ал туризмді дамытуға мүлдем қаражат бөлінген жоқ. Сондай-ақ қордың жарғысына туризмді дамытуға қатысты ереже тек өткен жылы ғана енген. Осыған байланысты аталған қордан бөліп шығару арқылы «Туристік саланы дамыту қорын» құруды қарастыруыңызды сұраймын. Бұл туристік салаға бөлінетін қаражаттың тиімді жұмсалыуын арттырады деп сенемін.

Үшіншіден, қолөнер саласындағы кәсіпкерліктің баяу дамуы. Бұған себеп – шеберханалар мен қолөнер туындыларын туристерге сатуға арналған бірегей алаңның жоғы. Осыған орай, басым туристік аумақтарда қолөнершілер орталықтарын ашу және өзара интеграцияланған қолөнер маркетингін құру ұсынылады.

Төртіншіден, қазақстан-

дық туризмнің тартымдылығына көп көңіл бөлу қажет. Осыған қатысты министрліктеріңізді ірі шетелдік компаниялармен, оның ішінде CNN, EuroNews, BBC телеарналары, Netflix, Amadeus ағындық алаңдарымен ынтымақтастық орнатуға шақырамын. Сондай-ақ елге бірінші рет келген туристерге тегін байланыс карталарын беру ұсынылады.

Бесіншіден, бүгінгі таңда саяхаттаудың танымал түрі – кеме круизи саласында өзгеріс жоқтың қасы. Дегенмен Қазақстан үшін Каспий теңізі бұл саланы дамытуға жақсы мүмкіндік береді. Осыған қатысты Ақтау портында теңіз вокзалын салу және осыған қатысты инфрақұрылымды құру мәселесін қарастыруды сұраймын.

Алтыншыдан, қазір елге келген шетелдік турист Google іздеу жүйесіне «Қазақстанның көрнекті орындары» деп ағылшынша терсе, бірінші 10 сілтеменің арасынан қазақстандық ресми сайтты таба алмайды. Бізде бар eQонақ қосымшасын қазақша «қонақ» сөзін түсінбейтін турист Google іздеу жүйесінде қайдан табады? Сондықтан осы мәселені де қолға алу ұсынылады.

Жетіншіден, Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыскер қорын» құруды қарастыруыңызды сұраймын. Бұл туристік салаға бөлінетін қаражаттың тиімді жұмсалыуын арттырады деп сенемін.

Нұргүл ТАУ,  
Мәжіліс депутаты

## БАЛАНЫ ӨНЕРГЕ БАУЛИДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі білім сапасын арттыру туралы өзінің әр жолғы Жолдауларында тілге тиек етіп, тапсырмалар беріп келеді. Әрине, бұл кезекте қоғамда білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктелетіні белгілі.



Шапағат ӘБДІР

Осыған орай, қазіргі таңда балабақшаларда жас мамандар қатары мольгуда. Міне, сондай жас маманның бірі – Астана қаласындағы №81 «Әсемгүл» балабақшасының музыка жетекшісі болып жұмыс істейтін

Ардақ Сайлаубай. Ол – өзінің бойындағы бар өнерін бүлдіршіндерге үйретіп, оларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп жүрген жас маман. Біз онымен тіпті де жақынырақ танысу мақсатында Ардақ Ақтайқызын әңгімеге тартып көрдік. Әңгіме барысында үйдің тұңғышы екенін айтқан ол музыкамен бала кезінен бастап айналысқанын жеткізді.

– Музыка – менің өмірлік серігім әрі рухани досым. Өзімді музыкасыз елестете алмаймын. Өйткені кішкене күнімен балаларға арналған көптеген музыкалық байқауда өнер көрсетіп, бақ сынадым. Есейгеннен кейін де музыканы жанымнан бір сәтке алыстатқан емеспін. 2011 жылы Астана гуманитарлық колледжіне «музыкалық білім беру» мамандығына оқуға түсіп, музыка пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықтым. Кейін білімімді жетілдіру мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық педагогикалық институтында «музыка» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Бүгінде Астана қаласындағы №81 «Әсемгүл» балабақшасында білігім бойынша педагог-модератор санатындағы музыка жетекшісі болып жұмыс істеймін және вокал үйірмесін жүргіземін, – деген ол қазіргі таңда балабақша бүлдіршіндеріне әннен сабақ беріп жүргенін, сондай-ақ шәкірттерінің де жетістіктерін айтып, сөзін сабақтады.

– Балаларды жастайынан өнерге баулып, сахнаға шығару баланың жүрегінде ерекше орын алады. Сондықтан өз өнерімді бүлдіршіндерге үйретуден шаршаған емеспін. Өнерге құштар балаларды түрлі байқауға дайындаймын. Әрине, олардың жетістіктерін көру – ұстаз үшін үлкен мәртебе. Баламен жұмыс істеудің өз қиындығы да бар.

Себебі үйірмеге музыкалық қабілеті әртүрлі балалар келеді. Әннің әуезін ұғудан бастап мәтінін жаттау, оған қосымша би қойылымын дайындау, сахнада өзін ұстау қабілетін шыңдаудың бәрі үлкен еңбекті, уақытты, уақытылы дайындалып отыруды талап етеді. Оның үстіне, мен 4-6 жастағы жеткіншектермен жұмыс істеймін. Ал ол балақайларға мәтін жаттаудың өзі оңайға соқпайтыны рас. «Бала тілі мамандығын алып шықтым. Кейін білімімді жетілдіру мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық педагогикалық институтында «музыка» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Бүгінде Астана қаласындағы №81 «Әсемгүл» балабақшасында білігім бойынша педагог-модератор санатындағы музыка жетекшісі болып жұмыс істеймін және вокал үйірмесін жүргіземін, – деген ол қазіргі таңда балабақша бүлдіршіндеріне әннен сабақ беріп жүргенін, сондай-ақ шәкірттерінің де жетістіктерін айтып, сөзін сабақтады.

Иә, бүлдіршіндердің бала арманын орындауына көмектесіп, өнерге де, қазақы салт-дәстүрге де тәрбиелеп, сөздің киесі мен жүйесін үйретіп жүрген Ардақ Ақтайқызының жұмысына біз де сүйсінік. Осындай мамандар бар кезде балаларымыздың болашағы жарқын бола бермек.



– Мақсат Қабдуғалиұлы, елорда барлық мемлекеттік орган орталық аппараттарының шоғырланған жері екені барлығымызға аян. Осы тұста қалалық деңгейде қанша мемлекеттік орган қызмет етуде және мемлекеттік қызметшілер саны қандай?

– Әрине, Астана қаласы, өзіңіз айтқандай, барлық мемлекеттік органның орталығы орналасқан қала. Алайда қалалық деңгейде орталық мемлекеттік органдарды санамағанда, осы салада 3000-ға жуық мемлекеттік қызметші 72 мемлекеттік органда қызмет етуде. Осы тұста айта кеткім келеді, мемлекеттік қызметті атқару – үлкен жауапкершілік. Бұл қызметтің тізгінін ұстау үлкен төзім мен табандылықты қажет етеді.

– Кез келген сала үнемі дамытуды талап ететіні анық. Олай болса мемлекеттік қызмет жүйесін ілгерілетуге бағытталған соңғы өзгерістерге тоқталып өтсеңіз.

– Мемлекет басшысы атап өткендей, «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» формуласын ұстану мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларға бірқатар толықтыру мен өзгеріс енді, атап айтсақ:

– мемлекеттік қызметке кірудегі артық кедергілерді жою мен тосқауылды алып тастау және одан «шығу» тәртібін жеңілдету;

– мемлекеттік қызметте қашықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс кестесін реттеу;

– мемлекеттік органдарда басшылар мен орындаушылар санын реттеу деген өзгерістерді атауға болады.

Оған қоса, жоғары оқу орнын мемлекеттік грантпен үздік бітірген, оқуда жоғары көрсеткішке жеткен түлектер аудандық және ауылдық жерлердегі төменгі мемлекеттік лауазымдарға конкурстық іріктеусіз уәкілетті органның келісімі негізінде тікелей тағайындала алады. Бұл – ең алдымен, жастар үшін жасалып жатқан жеңілдіктер. Жас мамандардың ел өңірлеріне оралып, оның дамуына үлес қосуына жол ашты деп есептеймін. Биік мақсатқа ұмтылған, еңбекқор,

## БАСТЫ МІНДЕТ – ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде мемлекеттік қызметшілер маңызды рөл атқарады. Әсіресе бүгінде билік жұмысқа ынтасы бар жас мамандарды мемлекеттік қызметке тартуға мақсаттанып отыр. Осы тұста біз Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Мақсат МУСИНДІ әңгімеге тартып, мемлекеттік басқару ісіндегі жаңашылдықтар, жастарға арналған жеңілдіктер туралы біраз мағлұматқа қанықтық.



креативті жас буын – қашанда елдің арқасүйер тірегі. Ең бастысы, біз жастарымыздың бойындағы тасыған күш-жігер мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттасақ деген ниеттеміз.

– Соңғы жаңалықтың бірі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Тұжырымдама бойынша қандай өзгерістер күтілуде? Сол жайлы толығырақ айтып өтсеңіз.

– Әлемнің жетекші елдерінің басқару практикасында қалыптасқан заманауи трендтерге және еліміздің мемлекеттік басқарудағы тәжірибесі зерделеніп, мемлекеттік басқаруды дамытуға бағытталған іс-шаралар тұжырымдамада айқындалған. Негізгі қағидаттарына тоқталып өтсем:

Біріншіден, проактивті, түпкілікті нәтижеге бағдарланған, мемлекеттік қызметтің сервистік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделін қалыптастыру. Қазіргі қазақстандық қоғам мемлекеттік қызметшілерден мемлекеттік және қоғамдық мүддеге әділ және адал қызмет етуін, өз күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін елдің дамуына жұмсауын күтеді. Моральдық қағидаттар мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтау мемлекеттік қызметшілерге деген қоғамдық сенімнің негізі саналады.



Мемлекеттік қызметшінің бір ғана кәсібилігі мен біліктілігі, білімі жеткіліксіз, одан өзге оның жеке мінез-құлық мәселесі, әдептілігі де негізгі фактордың бірі. Яғни кәсібилік пен әдептілік қосылып, біртұтас мемлекеттік қызметшінің имиджін көрсетеді

Екіншіден, мемлекеттік қызметтің гибриді моделін – мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру. Басты мақсат – ел игілігіне қызмет ету. Осы тұрғыда ашық, халыққа адал және кәсіби қызмет көрсететін мемлекеттік аппарат қалыптастыруымыз қажет.

Үшіншіден, HR-процестерді басқару және цифрландыру. Сымсыз желі байланысы, күрделі бағдарламалар және өзге де «ақылды» технологияларды мүмкіндігінше мемлекеттік қызметте енгізу маңызды.

– Қазіргі таңда Астана қаласындағы мемлекеттік органдардағы басшы және

атқарушы құрамның көрінісі қандай?

– Өткен жылдан бастап барлық мемлекеттік орган басшы және атқарушы құрамның арақатынасын заңнамаға сәйкестендіру жұмысын жүргізген болатын. Солардың арасында Астана қаласының әкімдігі мен Тексеру комиссиясы да бар. Қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдар бойынша басшылық лауазымдар үлесі 30 пайызды құрап отыр. Бұл дегеніміз мемлекеттік органдарда тиімді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

– Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге қандай талаптар қойылады?

– Жалпы барлық мемлекеттік қызметші «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» заңында Әдеп кодексінде көрсетілген талаптарды сақтауы керек.

Мемлекеттік қызметшінің бір ғана кәсібилігі мен біліктілігі, білімі жеткіліксіз, одан өзге оның жеке мінез-құлық мәселесі, әдептілігі де негізгі фактордың бірі. Яғни кәсібилік пен әдептілік қосылып, біртұтас мемлекеттік қызметшінің имиджін көрсетеді.

Менің ойымша, бұл тұрғыда, мемлекеттік қызметші, ең алдымен, қарапайым өрі шынылықтың жарқын үлгісі болуға тиіс.

– Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы туралы айтып өтсеңіз.

– Әдеп жөніндегі кеңес

мемлекеттік қызметке кір келтірген, құқық бұзушылық жасаған немесе Әдеп жөніндегі кодекстің талаптарын бұзған өңірлік мемлекеттік органдар басшыларының және олардың орынбасарларының тәртіптік жауапкершілігін қарайды.

Бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша Әдеп жөніндегі кеңестің 3 отырысы өтіп, онда 9 түрлі мәселе қаралды, оның ішінде 5 мәселе профилактика бағытын қамтыды.

2023 жылы департаментке уәкілетті орган ретінде мемлекеттік органдармен жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторингті жүзеге асыру жүктелген болатын.

Жыл басынан негізсіз үстеме жұмысқа тартылғаны үшін 46 мемлекеттік қызметшіге қатысты 57 тынығу сағаты берілгенін айта өткен жөн.

– Мемлекеттік қызметшілерге ойын мекемелеріне барудан тартыну талабы енгізіліп, заң жүзінде тыйым салынды. Осы туралы толық түсіндіріп өтсеңіз.

– Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы. Соған байланысты мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы мүлтіксіз беделі маңызды саналады. Осы тұрғыда 2023 жылдың аяғында Әдеп кодексінде тиісінше өзгерістер енгізіліп, мемлекеттік қызметшілерге ойын мекемелеріне барудан тартыну қажеттігі айқындалған болатын. Яғни мемлекеттік қызметшілерге

құмар ойындар мекемелеріне баруға тыйым салынған. Сондай-ақ 2024 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілерге ойын мекемелеріне баруға тыйым заң жүзінде де қабылданып отыр.

– Департаменттің негізгі қызмет бағытының бірі – көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау. Осы бағыт бойынша қандай іс-шаралар атқарылды?

– Жалпы 300-ден астам мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, биылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша 10 миллион мемлекеттік қызмет көрсетіліп, соның ішінде 6,9 миллионы электронды нысанда жүзеге асырылды.

Осы жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселесі бойынша келіп түскен шағымдарды қарау нәтижесінде 11 қызмет алушының құқығы қалпына келді.

Департамент, бақылау шараларынан бөлек, тұрақты түрде қоғамдықпен өзара байланыс пен профилактика жұмысын өткізіп тұрады.

– Мемлекеттік қызмет саласындағы жаңашылдықтармен қоғамды ақпараттандыру мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Жұртшылықпен байланыс – кез келген сала үшін алғашқы орында. Осы орайда департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары мемлекеттік қызметтегі жаңалықтар мен хабарландыруларды алғаш жариялайтындардың қатарында деп айта аламын.

Департамент қызметкерлері өздерінің ой-тұжырымын үнемі басылым беттеріне, ақпараттық агенттіктерге ұсынады. Оған қоса, телебағдарламаларға және ток-шоуларға қатысып, халықты ақпараттандыруға үлес қосады.

Қазіргі таңда департаменттің YouTube арнасында әртүрлі мемлекеттік қызметке қатысты тақырыпта «Елге қызмет» бағдарламасы тұрақты түрде жүргізіледі.

Департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары халыққа әрдайым ашық. Кез келген сұраққа жауап беруге дайынбыз.

Сұхбаттасқан  
Индира БЕРЖАНОВА

## ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Астана қаласының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің қызметі екі бағытта жүзеге асады. Атап айтқанда, ішкі сауданы дамыту, реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және тұтынушылардың құқығын қорғау саласында біртұтас тиімді саясатты қалыптастыру.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Департаменттің жыл басынан бергі жұмысы туралы Астана қалалық коммуникациялар қызметі алаңында «Астанада сауда саласындағы жұмыстар және тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» тақырыбымен өткен брифингте аталған департаменттің басшысы Нұрғали Егембердиев баяндады.

Спикердің айтуынша, биыл жыл басынан бері осы департаментке тұтынушылар тарапынан 3848 өтініш түскен. Тұтынушылар «E-otinish» платформасы және электрондық үкімет порталы арқылы 2151 өтінішпен жүгінген. Оның ішінде 1431 тұтынушыға түсініктеме берілді, 370 өтініш құзыреті бойынша басқа мемлекеттік органға жіберілді, ал

350 жағдайда тұтынушылардың мәселесі шешімін тапты, тұтынушыларға ақшалай қаражатты қайтару сомасы 160 млн теңгені құрады. Сонымен қатар Telegram Bot арқылы 370 өтініш түскен, олар бойынша тұтынушылардың сұрақтарына толықтай түсініктеме берілді. Азаматтарды жеке қабылдау барысында 600 тұтынушының мәселесі тыңдалды, жедел желі телефонына 700 тұтынушыдан қоңырау түсті, әрбір сұраққа заңға сәйкес кеңес берілді.

– Тұтынушының құқығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда, тұтынушы сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) құқықтар мен заңды мүдденің бұзылуын жою және тұтынушыға тауардың кемшілігі салдарынан осы бұзушылықтар кесірінен келтірілген залалды ерікті тәртіппен өтеу туралы наразылықпен жүгінуге құқылы. Тұтынушы-

ның сатушыға наразылығы қолма-қол табыс етіледі не табыс етілгені туралы хабарлама поштамен, әлде сатушының электрондық пошта мекенжайы бойынша жіберіледі, – деді Н.Егембердиев.

Сатушы тұтынушы наразылығын қарауға және оның талаптарынмен келіспеген жағдайда шағымды алған күннен бастап 10 күнгізбелік күн ішінде жоғарыда баяндалған тәсілдермен дәлелді жазбаша жауап беруге міндетті. Бұл міндетті орындамаған жағдайда сатушы «Ескерту» түріндегі әкімшілік жауапқа тартылады. Тұтынушының шағымна жазбаша жауап бермеуі бойынша құқығы мен заңды мүддесін бұзғаны үшін 110 кәсіпкер осындай әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егер де кәсіпкер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін сол қателікті бір жыл ішінде тағы қайталап жасаған



Егер де кәсіпкер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін сол қателікті бір жыл ішінде тағы қайталап жасаған жағдайда жеке тұлғаларға – 10, ШК субъектілеріне – 20, ОК субъектілеріне – 30, ІК субъектілеріне – 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады

жағдайда жеке тұлғаларға – 10, ШК субъектілеріне – 20, ОК субъектілеріне – 30, ІК субъектілеріне – 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Тұтынушыларды ағарту мақсатында халық арасында тұтыну сауатын арттыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы тұрақты түрде жүргізіледі. Мамандар жедел желі телефоны бойынша кеңес береді, жеке қабылдаулар

жүргізеді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында департамент Instagram әлеуметтік желілерінде dtzpp.astana аккаунтында және Facebook парақшаларында департамент Астана қаласының сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті аккаунтында ақпараттың бәрі тұрақты жарияланып отырады.

# ӨРЕСІ БИІК ӨНЕРПАЗ

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Мұхаметқали Хасенұлы бастапқы музыкалық білімді Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінен алды. Одан соң Құрманғазы консерваториясына Хабидолла Тастановтың сыныбына түсті. Онда оқи жүріп, Ғазиза Жұбанова, Кенжебек Күмісбеков, Латиф Хамиди, Батыр Әбдіхалықов сынды белгілі өнер қайраткерлерінің тәлімін көрді.

«Мұхаметқали менен екі курс төмен оқыды. Өзінің курстастарынан суырылып алға шығып оркестрге түсіру өнерімен, композиторлық өнермен айналыса бастады. Музыкалық теориялық сабақтарды, гармонияны терең меңгерді» дейді көрнекті күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат Үсенов.

Студент кезінен аса жоғары музыкалық қабілетімен көзге түскен Мұхаметқали Тіналин жоғары курста оқып жүргенде Бішкек қаласында өткен ІІ Бүкілодақтық халық аспаптарында орындаушылар байқауына қатысып, лауреат атанады. Сол кезден бастап арнайы шақыртумен Құрманғазы атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрімен, «Гүлдер», «Шалқыма» эстрадалық ансамбльдерімен бірнеше елдің сахналарында өнер көрсетті. Концерттік бағдарламамен бүкіл Қазақстанды шарлап, қазақ әуенін Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Дондағы Ростов, Орынбор қалаларының, Алжир мен Чехословакия елдерінің тыңдармандарына естіртті.

Консерваторияны аяқтағаннан кейін өзі туған Целиноград қаласына оралып, өткен ғасырдың сексенінші жылдары «Тың игерушілер» сарайының «Алтын дән», облыстық филармонияның «Армандастар» эстрадалық ансамбльдерінде жетекшілік етті. Ақмола өңірінде алғашқы халық аспаптары оркестрін құрып, қазақ оркестріне арналған көркем туындылардың жарыққа шығуына еңбек сіңірді. Өзге ұлттар басым аймақта қазақ халық аспаптары оркестрін құру оңай болмады. Бірақ алдына үлкен мақсат қойған талантты музыкант Сарыарқа төрінде қазақ аспаптарының үнін асқақтатып, елдің рухын оятты. Бұған қасында бірталай жыл жүрген, әндерін орындаған белгілі актер, әнші, Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаевтың мына сөздері дәлел:

«1991 жылы мен Ақмолаға келіп, Қалибек Қуанышбаев театрына қабылданғанымда алдымыздан шығып, құшақ жайып

Биыл күйші, композитор, дирижер, ұстаз, Мәдениет саласының үздігі Мұхаметқали Тіналиннің туғанына 70 жыл толды. Кешегі Ақмола, бүгінгі Астанада кіндігі кесілген өнер иесі өзінің туған жерінде ұлттық өнердің салтанат құруына мол еңбек сіңірді. Бойындағы табиғи талантын кәсіби біліммен ұштастырған өрелі өнерпаздың артында 40-тан аса ән-күй, оркестрлер мен ансамбльдерге лайықтап өңдеген 200-ден аса шығарма, өзінің жолын қуған ұрпағы мен шәкірттері қалды.



қарсы алған ағаларымыздың бірі Мұхаметқали Тіналин еді. Оның Ақмола өңіріндегі музыка өнерінің өрлеуіне қосқан үлесі орасан зор деп айтсам, артық айтқандай болмайды. Бұл қалада қазақ 16 пайыз ғана болған кезде қазақ оркестрін құрып, қазақтың қара домбырасын сөйлетіп, қазақтың ән-күйін дәріптеді. Қазіргі Қазақ ұлттық өнер университеті музыка училищесі болып тұрған уақытта кафедра меңгерушісі болды. Сол кезде мені шақырып алып: «Нұрай, осы жерде қазақтың қара домбырасымен ән айтамын жастар аз, балаларға соны үйретейік, кафедра жанынан ән бөлімін ашайық» деді. Сол кезде шатаспасам, 1994 жылы осы жерде «Дәстүрлі ән» алғашқы сыныбын ашқан едік».

Мұхаметқали Хасенұлы Астанадағы Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы құрамындағы қазақ оркестрінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Бұл оркестрдің дирижері болып, қаншама музыкалық шығарманы оркестрге түсірді. Осы жылдың басында филармония оркестрдің тұңғыш бас дирижері,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мырзағали Айдоболов екеуін еске алып, «Дарынгер» концертін өткізді.

«Мұхаметқали Тіналин өз халқының дәстүрлі өнерін қалай жақсы меңгерсе, әлемдік классиканы да өте биік деңгейде игерген сауаты жоғары музыкант еді. Оның өзінің жазған төл әндері мен күйлері, ансамбльдер мен оркестрлерге арналған шығармалары немесе өңдеп түсірген туындылары ешкімге ұқсамайтын өзіндік бағыты бар ерекше туындылар» дейді күйші, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтжан Тоқтаған.

Шынында да, Тіналиннің төл туындылары мен оркестрге түсірілген шығармаларының тыңдағанда жан сарайың ашылып, құлақ құрышың қанады, жандуиңең бір рахат сезімге бөленеді. Соның ішінде оның әні мен сөзін өзі жазған «Біздің дала» атты өңір арасына кең тарады. Шығармаларының қатарынан белгілі ақын Нұрғожа Ораздың өлеңіне жазылған «Домбырамды әперші», Ақмолада өткен тағы бір дарын Ескермес Иманбай екеуінің бірлестігінен туған «Балдырған», «Құлпырған елім»,

«Айтар ой» әндерін ерекше атап өтуге болады.

Күйлеріне келсек, «Шідер қайыс», «Наурыз», «Тарлан боз», «Ізбасар қосбасар», «Есілім-Еркем» болып кете береді. «Дарынгер» атты күйі атақты күйші, композитор, дирижер, Қазақ КСР мен КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевке арналған. Сонымен қатар өнерпаз домбыраға арналған «Жайлау биі» секілді пьесаны жазды. Ұлы Абайдың, Тәттімбет Қазанғапұлының, Ақан серінің туындыларын қобызға түсірді. Оркестр, ансамбльдерге түсірген шығармалары да жеткілікті. Соның ішінде Даниэль Вильямстың «Виктория» атты шығармасының жөні бөлек. Бұл туындыны тыңдарманның делебесін қоздыратындай етіп ойнақтатып берді. Өмірден өтерінен аз уақыт бұрын Астанада шығармашылық кеші ұйымдастырылғанда бірнеше шығармаға өзі дирижерлік етті. Арасында «Виктория» да бар. Осы кеш YouTube-ке жазылды. Тіналиннің стилін, әндері мен күйлерін, оркестрге түсірген шығармаларын сол жерден көруге болады.

Мұхаметқали Тіналин «Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрінде дирижер болды. Өмірінің соңына дейін Қазақ ұлттық өнер университетінде дәріс берді, соңғы күндеріне дейін астаналық филармониямен байланысын үзбеді.

«Өнерге жақын адамдардың жандары таза, табиғаты көркем, сұлу келеді» деп айтып жатамыз. Мен осы сөзді Мұхаметқали Тіналинге қарап мойындайтын едім. Оның өнерге деген көзқарасы ерекше болды, ол адамгершілігі жоғары, өте қарапайым, болмысы бөлек азамат еді» дейді көрнекті күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбек.

Биылғы көктемде Астанада Мұхаметқали Тіналин атындағы І қалалық «Есілім-Еркем» атты өнер байқауы ұйымдастырылды. Жалғаса берсін. Бұл байқауды республикалық дәрежеге көтерсе де артық етпейді. Өнер иесінің өмірден өткеніне 7 жыл болды. Елордада атына көше мен музыкалық ұжым да берілуі керек деп есептейміз. Әрине, алдымен аты «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілуі керек.

Жақында Астанадағы «Фолиант» баспасынан әйгілі «Қобыланды батыр» жырының балаларға лайықтап қарасөзбен әңгімеленген нұсқасы кітап болып басылып шықты. Әңгімелеуші – танымал қаламгер, Қазақстанның мәдениет қайраткері, қазақ журналистикасының қайраткері Ақайдар Ысымұлы.

## КӨНЕ ЖЫРДЫҢ ЖАҢА БАЯНЫ

Кітап суретші Динара Буташева салған көркем суреттермен безендірілген. Бұл кітапта «Қобыланды батыр» жыры үш түпнұсқасының негізінде жасөспірімдердің оқуына ыңғайланып баяндалып отыр. Бұған дейін оқырман қауым «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр» жырларының осылай қарасөзбен жазылған нұсқаларын жақсы қабылдаған еді.

Кітап авторы Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ даңқты жыр және оның қаһарман кейіпкері Қобыланды туралы былай дейді:

«Қобыланды батыр» – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Аса жоғары көркемдігі жағынан әлем халықтарының әйгілі батырлық дастандарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Қобыланды батыр осы дастан арқылы халыққа ертеден эпостық аңыз кейіпкер ретінде жақсы танымал. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Қобыланды батыр» жырын ерлік дастандардың ішіндегі ең шоқтығы биік туынды деп бағалаған, 1943 жылы «Қара Қыпшақ Қобыланды» деген пьеса да жазған. Бұл пьеса содан бері Алматыдағы М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында тұрақты қойылып келеді. Бұл спектакльде кезінде Шәкен Айманов, Хадиша Бөкеева, Шолпан Жандарбекова, Әнуар Молдабеков, Сейфолла Телғараев сынды қазақ театр өнерінің жұлдыздары ойнаған. Ауыз әдебиетін зерттеушілер, солардың бірі әйгілі ғалым, батыр Мәлік Ғабдуллин, ғылыми диссертация қорғаған.

«Қобыланды батыр» жырының «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостардан ерекшелігі – тек қазақ халқының әдебиеті мен рухани мұрасы болуы. Ал қазақ қана емес, мысалы, «Алпамысты» өзбек те, «Ер Тарғынды» ноғай да өз дастаны санайды. Бірсыпыра түбі бір түркі тектес, тілдес башқұрт, қырғыз, ноғай, өзбек,

т.б. халықтар құрамында соларға сіңіп, сол халық болып кеткен қыпшақтар болғанмен, ол халықтар «Қобыланды батыр» жырына ортақтасқан емес.

«Қобыланды батыр» жырын жырлаған ақын жырау, жыршылар кезінде өздері өмір сүрген дәуір тұрғысынан жырды толықтырып, әрлеп отырған. Сондықтан да жырдың 29 түпнұсқасы бар.

Қобыланды Тоқтарбайұлы – аңыз негізінде қиялдан жасалған кейіпкер емес, өмірде болған, ел қорғаған ерлік істерімен халық құрметіне бөленген және қазақ халқының қалыптасуына да үлкен үлес қосқан хас батыр, қолбасшы. Қобыланды батыр XV ғасырда Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасында, Қазақ хандығы құрылар тұста өмір сүрген. Қазақ хандығының алғашқы хандары Керей және Жәнібекпен, дала данышпаны Асан қайғымен замандас, Қазақ хандығы құрылар тұста ең тәуелсіздігі үшін күрескен тарихи тұлға, яғни бүгінде егемен, тәуелсіз Қазақстан мемлекетіне айналған халқымыздың ұйысуының бастауында Қобыланды батыр бабамыз да тұр. «Қазақ хандығы» көркем фильмде бас кейіпкерлердің бірі – Қобыланды батырдың ерлік істері жақсы көрсетілген. Қобыландының зираты Ақтөбе облысының Ресеймен шекаралас Қобда ауданы Жиренқопа ауылында, оның рухы ел шебінде Отанын мәңгі қорғап тұр.

А.ҚОСПЕНБЕТҰЛЫ,  
Астана



### ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жеке-меншік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда 5-тұрдың шыбын-шіркейлерді жою жұмыстары басталатыны туралы хабарлайды. тел.: +7 707 300 5030».

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлді соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүліктегі ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

Астана қаласының мәслихаты, ІІ және V сайланым мәслихат депутаты, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, Астана қаласы әкімдігінің денсаулықты қорғау жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі, қалалық Сайлау комиссиясының бұрынғы төрағасы Қаршыға Кәкешұлы Құлмұхановтың дүние салуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтады.

Қаршыға Кәкешұлының еңбек жолы – бұл сүйікті ісіне қызмет ету, еңбекқорлық, өз ісіне адалдық, белсенді азаматтық ұстаным үлгісінен тұрады. Елордалық мәслихат депутаты ретіндегі еңбегі бас қаламыздың денсаулық сақтау жүйесін дамытуға және қала тұрғындарының өмір сүру деңгейін жетілдіріп, мемлекет тарапынан



аброймен бағаланды. Ол «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Белсенді қызметі үшін» төсбелгілері, мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

Адамгершілік асыл қасиеттерімен өз ортасына сыйлы, ағайын-туысқа қадірлі жан болды. Ұлағатты ұрпақ өсіріп, дарынды ұл-қыздарды тәрбиелей білді. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Мұндай өзекті өртейтін жағдайда сабыр сақтап, бекем болыңыздар. Иманы саламат болсын!

Е. КАНАЛИМОВ,  
Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, елорда Қоғамдық кеңесінің ІІ шақырылым мүшесі Қаршыға Кәкешұлы Құлмұхановтың қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына және жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

Қаршыға Кәкешұлы 1949 жылы дүниеге келген. 1972 жылы Целиноград мемлекеттік медицина институтын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Целиноград облыстық ауруханасында дәрігер-ординатор және травматология бөлімінің меңгерушісі болып бастаған. Оның негізгі атқарған қызмет жолдары: №2 Қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері, Міндетті медициналық сақтандыру қорының директоры және Астана қаласы бойынша Ұлттық денсаулық

сақтау palatasының атқарушы директоры.

Қаршыға Кәкешұлы сонымен қатар қоғамдық ұйымдардың белсенді мүшесі, қалалық мәслихат депутаты және қалалық Сайлау комиссиясының төрағасы болды. Оның еңбегі көптеген мемлекеттік наградалармен, соның ішінде «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, сондай-ақ көптеген медальдар және құрмет грамоталарымен бағаланды.

Қаршыға Кәкешұлы денсаулық сақтау және қоғамдық өмірді дамыту жолында терең із қалдырды. Біз Қаршыға Кәкешұлын қоғамға қызмет етуге және ұлт денсаулығын сақтауға бар ғұмырын арнаған азамат ретінде есімізде сақтаймыз.

Бақұл болыңыз, Қаршыға Кәкешұлы. Сіздің жарқын жеңіңіз мәңгі біздің жүрегімізде сақталады.

№99 (4687) 20/08/2024 Сейсенбі

## ШӘМШІ РУХЫ ШАРЫҚТАДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Байқоңыр ауданына қарасты «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» Шәмші Қалдаяқовтың туған күніне орай «Әнім сен едің» тақырыбында көрініс қойылды. Аталған қойылым композитор, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, ән өнерінің алыбы Шәмші Қалдаяқовтың 94 жылдығына орай ұйымдастырылды.

### Шапағат ӘБДІР

Қойылымды аталған орталыққа қарасты «Тіл шаңырағы» әдеби-танымдық клубының белсенді мүшелері сахналады. Басты рөлді сомдаған Торғауыт Шахзада және басқа да қойылым қатысушылардың сомдап шыққан образдарына көрермен қауым қатты ризашылық білдіріп, ұзақ қол соғып тұрды.

Көрініс барысында сыған қызы Изольда мен оның құрбыларын Гүлжан, Светлана, Бақтыгүл және Наталья сынды зейнеткерлер алып шықты. Олар өздерінің тартымды бейнесі, жарасымды киімдері, әдемі билерімен көрерменнің көзайымына айналды. Ал қойылымның сценарийін жазған Халима Мұхамеджанова



композитордың өмір жолының негізгі кезеңдерін көрсетуге талпынған.

Ал аз ғана ғұмырында алаштың жүрегінен орын

алған Шәмші әндерінің өміршеңдігі ұрпақтан ұрпаққа жете беретіндігіне сенім білдірген клуб жетекшісі, аталған орталықтың қазақ

тілі оқытушысы Маржан Пірімбетова қазақ өнерін барынша дамытқан, отандық өнер жұлдыздарының әрқайсысының төлқұжатына айналған аса талантты композитор Шәмші Қалдаяқов алашқа ғана емес, әлемге ортақ тұлға деп айтуымызға әбден лайық дегенді айтады.

– Біз бүгінгі қойылым барысында талантты тұлға Шәмші Қалдаяқовтың өмір жолымен және өнер жолымен жақсы таныса білдік. Талантты өнер иесін халық лирикалық әндеріне қарай «Қазақ вальсінің королі» деп атаса, Шәмші әндеріне ағылшынның өнер қайраткері Роберт Файлер таң қалып: «Мен қазақтың ұлы композиторымен танысқанымна қуаныштымын. 300-ге жуық ән шығару деген – ұлы ерлік! Сізге ескерткіш орнату керек» деген екен. Бұдан біз оның адамзат баласына ортақ тұлға екенін аңғара аламыз, – дейді М.Пірімбетова.

Бұл қойылымға 100-ге жуық көрермен қатысып, соңынан концерттік бағдарламаны тамашалады.



## СТРИТБОЛДАН КІМ АЛДА?

Астанадағы Триатлон саябағында Streetball қызықты жарысы өтті.

Балалар мен жасөспірімдер арасында өткен бұл сайыс – түрі жай ғана қарапайым ойын емес, керісінше спорттық рухқа, энергияға толы дода.


Ең әуелі жарыс талабы топтық кезеңде сайысқа түссе, артынша плей-офф арқылы жеңімпазды анықтады. Ойынның бір кезеңіне 10 минуттан берілді. Ал олимпиада бағдарламасына кіретін 3x3

баскетболдан Астана қаласының командалары өзара сынға түсті. Сондай-ақ U13 санатында 16 команда тіркелсе, U16 санатында 22 команда жүлдеге таласты.

Аталған көше баскетболы жарысы 20 тамыз күні аяқталады. 21 тамызда ең үздік деген ұжымдардың арасында суперфинал өтеді. Турнирдың бір кезеңіне 600 мың теңге ақшалай сыйлық қарастырылған.

## ТҰҢҒЫШ КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

28 тамыз күні сағат 10.00-де Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №6 көпшілік кітапханасында Рысжан Шамұратованың «Арман – адамға қанат» атты тұңғыш кітабының тұсаукесері өтеді.



«Бала кезімде әжемнің қасында жатып, аспандағы жұлдыздармен сөйлесіп, әрқайсысына ат қоятын едім. Аспандағы сансыз жұлдыздар біздің көзбен қарағанда әдемі бір көрініске ие. Қолы жетсе жұрттың бәрі бір-бір жұлдыздан бөліп алғысы келеді. Әйткенмен, жұлдыз қол жетпеуімен де жұлдыз емес пе? Осы көрініс мені үнемі қиялға самғаған асқақ армандарымды елестеді.

Арман да сол жұлдыз секілді. Жымындап қарап, қуаныш сыйлағысы келеді, бірақ қол созған-

мен алыста, оған адал еңбекпен ғана жете алуың да, алмауың да мүмкін. Сенген адамға алыстың өзі жақын, жоқтың өзі бар, мүмкін емес нәрсе мүмкін бола алады. Демек, бала кезімде жұлдызбен сырласқан қыз ерте ме, кеш пе арманының орындалатынына сенген еді. Сондай армандарымның бірі филолог, журналист болу еді. Журналист болмасам да қолыма қалам алдым. Оқырмандарымды тұңғыш кітабымның тұсаукесеріне жаңа ашылған кітапханаға шақырамын» дейді автор.

## DOGS МАРАФОН ӨТТІ

Жуырда Триатлон саябағында иттермен бірге жүгіруден жарыс өтті. Әр аптаның демалыс күндері ұйымдастырылатын бұл жарыс Funny sport жобасы аясында ұйымдастырылды.

Шын мәнінде иттермен бірге жүгіру көпшілікке таңсық болғанымен, Астана қаласында арнайы спорттық федерациясы бар екенін айтқан ұйымдастырушылар бұл алғаш рет өтіп жатқан жарыс болғанымен, тұрғындар арасында қатысушылар көп болғанын айтады.

– Елордамызда үй жануарларын ұстайтын жандар аз емес. Алайда оларды тек жақсы көріп қана қою жеткіліксіз. Бүгінгі іс-шара иттерді таза ауада

серуендету ғана емес, үй жануарын ұстайтын жандардың бір-бірімен танысып, достар табуына көмектесуді көздейді. Ал түпкі идеямыз – тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Алғаш рет ұйымдастырып жатқандықтан, қатысушылардың саны 10-15 қана болатын шығар деп ойлап едім. Бірақ 40-тан астам адам тіркелді. Эмоция керемет. Бұл жерде иттердің тұқымы мен жасына ешқандай шектеу қоймадық.



Шетелде де үй жануарларымен бірге жарыстар өтетіндігін естіп, көріп жатамыз. Енді осындай дәстүрді қаламызда да қалыптастырсақ дейміз, – дейді жарыс

ұйымдастырушысы Руслан Спиридониди.

Ал іс-шара соңында барлық қатысушылар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

## ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАРЫСТЫ

Елордада спорт күніне орай шағын футболдан балалар мен жасөспірімдер арасында жарыс өтті.

18-20 тамыз күндері Триатлон саябағындағы жасыл алаңда тартысқа толы ойын болды. Чемпионат үш жас санатын қамтыды. Онда U-10 санатында 16 команда, U13 санатында ең көп 42 команда және U16 санатында 27 команда бас жүлдеге таласты. Сондай-ақ 5x5 форматындағы футболда ойыншылар шексіз

мөлшерде ауысып, бір тайм үшін 8 минут уақыт берілді.

Осы жарыста Астана қаласынан «Астана», «Жеңіс» және Бірінші лигада SD Family сынды клубтар бақ сынасты. Сондай-ақ чемпионаттың суперфиналы 21 тамызға жоспарланған. Жеңімпаз командалар 900 мың теңге ақшалай жүлдемен марапатталды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Шеф-редактор – Төлән ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №99

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсыя-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА